

**"Сарға ауылшының жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы"  
Бейнеу аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қантардағы № 58/476 шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 10/92 шешімі

Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бейнеу аудандық мәслихатының "Сарға ауылшының жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" 2021 жылғы 8 қантардағы № 58/476 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4434 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешіммен бекітілген Сарға ауылшының жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сарға ауылшының жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының (бұдан әрі – ЗАң) 39-3-бабының 3-1-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" бүйріғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15630 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

Сарға ауылшының бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

Сарға ауылы әкімінің Сарға ауылшының коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі шешімдерін келісу;

Сарға ауылы бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

Сарға ауылы бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

Сарға ауылы коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

Сарға ауылы әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін аудан әкімінің Сарға ауылының әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

Сарға ауылы әкімін лауазымынан босату туралы мәселелеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5.Заңның 39-3-бабының 3 тармағы 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

"Сарға ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жиналыстың мүшелеріне және әкімге жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында ұсынады".

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жиналыс өз өкілеттігі шенберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыстың өткізілген күні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысушылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жиналыс төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауыл әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселелеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауыл әкіміне беріледі.

Сарға ауылы әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналышының хаттамасына жиналыштың тәрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде ауданның мәслихатының қарауына беріледі.";

"12. Жиналыш қабылдаған шешімдерді ауыл әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Сарға ауылы әкімі жергілікті қоғамдастық жиналышының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, осы регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен осындай келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Сарға ауылы әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім аудан мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді".

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бейнеу аудандық мәслихатының хатшысы*

*К.Мансуров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК